

Мүгедектер ісі жөніндегі аудандық кеңес құру туралы.

Павлодар облысы Павлодар ауданының әкімдігінің 2004 жылғы 8 қыркүйектегі N 313/9 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 23 қыркүйекте N 2728 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына, облыс әкімдігінің 2004 жылғы 8 сәуірдегі "Мүгедектер ісі жөніндегі облыстық кеңес құру туралы" N 99/4 қаулысына сәйкес және 3 шақырылған Павлодар облыстық мәслихатының 4 сессиясының 2004 жылғы 23 сәуірдегі "Мүгедектерді оңалтудың 2004-2005 жылдарға арналған облыстық бағдарламасы туралы" N 25/4 шешімін іске асыру мақсатында аудан әкімдігі Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

Мүгедектер ісі жөніндегі аудандық кеңес (бұдан әрі - Кеңес) құрылсын.

2. Кеңестің қоса беріліп отырған Ережесі бекітілсін.

3. Кеңестің дербес құрамы заңнамада белгіленген тәртіпте аудандық Мәслихаттың бекітуіне ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.Ш. Шәмкеноваға жүктелсін.

Аудан әкімі	Т. Бастенов
Павлодар	аудан әкімдігінің
	2004 жылғы 8 қыркүйектегі
	"Мүгедектер ісі жөніндегі
	аудандық Кеңес құру туралы"
	N 313 / 9 қаулысымен

бекітілді

Мүгедектер ісі жөніндегі аудандық кеңестің ережесі

1. Жалпы ережелер

Мүгедектер ісі жөніндегі Кеңес (бұдан әрі - Кеңес) аудан әкімдігі жанындағы консультативтік - Кеңес беруші орган болып табылады. Кеңес мақсат мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелерінде мемлекеттік органдардың, қоғамдық және қайырымдылық ұйымдардың қызметтерін үйлестіру жөніндегі ұсыныстарды пысықтау үшін құрылды.

Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі, аудан әкімдігі және әкім актілерін, басқа да нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Қағиданы басшылыққа алады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері мен функциялары

1 . М ы н а л а р :

- 1) қоғамда мүгедектерді оңалту үшін жағдайлар жасау;
- 2) мүгедектік және мүгедектер мәселелерімен айналысатын қоғамдық ұйымдармен өз ара і с - қ и м ы л ж а с а у ;
- 3) мүгедектер мәселелері жөнінде ұсыныстар дайындау Кеңестің негізгі міндеттері б о л ы п т а б ы л а д ы .

2 . М ы н а л а р :

- 1) мүгедектерді кешенді оңалтуды қамтамасыз ету;
- 2) жергілікті мемлекеттік органдардың мүгедектіктің алдын алу, оңалту, әлеуметтік қорғалуы, білім алуы кәсіптік даярлануы, мүгедектердің жұмыспен қамтылуы мәселелері жөніндегі іс-қимылын үйлестіру үшін ұсыныстарды пысықтау;
- 3) білім, денсаулық сақтау, еңбек және халықты қорғау, дене- шынықтыру мен спорт жүйелері ұйымдардың мүгедектерді оңалту мәселелері жөніндегі жұмыстың нысандары мен әдістерін жетілдіру;
- 4) мүгедектерді оңалтудың 2004-2005 жылдарға арналған облыстық бағдарламасын жүзеге асырылуына бақылау жасау Кеңестің негізгі функциялары болып табылады.

3. Кеңестің құқықтары

3 . К е ң е с :

- 1) мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелерінде аудандық бюджеттің қаржыландырылатын атқарушы органдардың, қоғамдық және қайырымдылық ұйымдардың қызметін үйлестіру жөнінде ұсынымдарды әзірлеуге;
- 2) мүгедектік және мүгедектер проблемаларымен айналысатын қоғамдық ұйымдармен өз ара і с - қ и м ы л ж а с а у ғ а ;
- 3) аудандық бюджеттің қаржыландырылатын атқарушы органдардан, қоғамдық ұйымдардан, кәсіподақ бірлестіктері мен жұмыс берушілерден (келісім бойынша) мүгедектік және мүгедектер проблемалары жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу мақсатында ақпарат сұратуға және алуға;
- 4) өз шешімдерінің орындалуына бақылау жасауға;
- 5) аудандық бюджеттің қаржыландырылатын атқарушы органдар, кәсіподақ бірлестіктер, жұмыс берушілер, қоғамдық ұйымдар (келісім бойынша) белгіленген мерзімде қарау және жүзеге асыру үшін міндетті келісілген ұсыныстарды қабылдауға;
- 6) мүгедектік және мүгедектер проблемаларына байланысты мәселелерді қарайтын жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдар, қоғамдық және қайырымдылық ұйымдар, кәсіподақ бірлестіктері мен жұмыс берушілер (келісім бойынша) өткізетін мәжілістерге қатысуға құқылы.

4. Кеңес қызметін ұйымдастыру

4. Кеңесті төраға басқарады. Кеңес отырыстарын қажетіне қарай, кем дегенде тоқсанына бір рет төраға немесе оның тапсырмасы бойынша төрағаның орынбасары

ш а қ ы р а д ы .

5. Кеңестің жұмысын ұйымдастыруды, тиісті материалдар мен ұсыныстарды дайындауды Кеңес хатшысы қамтамасыз етеді. Кеңес өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады.

6. Кеңес шешімі ашық дауыспен қабылданады және егер Кеңес мүшелері жалпы санынан көбі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген жақтың шешімі қабылданған болып есептеледі.

7. Мәжіліс отырыстарының жүргізілу нәтижесі бойынша хаттама жасалады, оған отырыста болған Кеңес мүшелері қол қояды. Кеңес шешімі ұсынымдық сипатта болады.

8. Аудан халықты әлеуметтік қорғау және қамту бөлімі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

5. Кеңестің қызметін тоқтату

9. Кеңес өз қызметін әкімдігінің қаулысына сәйкес тоқтатады.